

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
ғылыми-әдістемелік кеңесі  
отырында бекітілген  
Хаттама № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 2019 ж.  
Оқу ісі жөніндегі проректор  
\_\_\_\_\_ А.К. Хикметов

**«8D042 ҚҰҚЫҚ» (ҚҰҚЫҚТАНУ) МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША  
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУГЕ АРНАЛҒАН ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫНЫҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**АЛМАТЫ, 2019**

«8D042 Құқық» (Құқықтану) мамандығына емтихан қабылдау бағдарламасы  
ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес құрастырылған.

Факультеттің әдістемелік бюро отырысында келісілді  
Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.

Әдістемелік бюро төрайымы \_\_\_\_\_ Урисбаева А.

Бағдарлама заң факультетінің Ғылыми Кеңесінің отырысында қаралды  
Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Байдельдинов Д.Л.

Ғылыми хатшы \_\_\_\_\_ Атаханова Г.М.

## МАЗМҰНЫ

**1. Мамандық бойынша PhD докторантураға түсуге арналған емтиханның мақсаты мен міндеттері:** білім деңгейін, өз ойларын нақты жеткізу дағдысын және икемдерін анықтау, сонымен қатар «8D042 Құқық» мамандығы бойынша докторантурада оқу үшін және «PhD докторы» дәрежесін алу үшін талапкерлердің талдау қабілетін анықтау.

Докторантураға түсу емтиханының нысаны – жазбаша емтихан. Емтихан тапсырушылар емтихан билеттерінің сұрақтарына жауаптарын арнайы жауап парағына жазады. Бұл жауаптар шифр қойылғаннан кейін емтихан комиссиясымен тексеріледі.

**2. Докторантураға түсушілерге қойылатын талаптар:** талапкер мемлекет және құқық теориясы (құқықтың жалпы теориясының қазіргі проблемалары), азаматтық және қылмыстық құқық (жалпы және ерекше бөлім) пәндер бойынша жақсы және терең білімдерін көрсету керек.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес «Құқықтану» мамандығы бойынша докторантура оқу бағдарламасын игерушілер келесідей мамандықтар бойынша «магистр» және «заң ғылымдарының магистрі» дәрежесіне ие болу керек.

### **3. Оқу бағдарламасының пререквизиттері:**

Докторантураға тек жақын мамандықтарды бітіргендер ғана қабылданады

6M030100 – Заңтану

6M030300 – Құқық қорғау қызметі

6M011500 – Құқық және экономика негізі

6M030200 – Халықаралық құқық

6M030400 – Кеден ісі

6N0301 - Құқықтану

6M030100 – Құқықтану

### **4. Емтихан тақырыптарының тізімі:**

*Пән «Мемлекет және құқық теориясы (Құқықтың жалпы теориясының қазіргі проблемалары)»*

#### **1. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдісі**

Мемлекет және құқықтың теориясының әдіснамалық негіздері.

Мемлекет және құқықтың жалпы теориясының нысаны – мемлекет және құқықтың пайда болуының, дамуының және жұмыс жасауының негізгі заңдылықтары. Мемлекет және құқықты зерттеудің объективтілігі мен ғылымилығы. Мемлекет және құқықты оқып үйренудің материалистік және диалектикалық жолдары. Мемлекет және құқық теориясының әдіснамасын идеологиясыздандыру. Мемлекет және құқықты оқып үйренудегі жалпы гуманистік, әлеуметтік және философиялық көзқарастар.

Мемлекет және құқықты оқып үйренудің таптық көзқарасына осы заманғы түсінік. Мемлекет және құқықты зерттеудегі таптық және жалпы гуманитарлық көзқарастардың арақатынасы.

Мемлекет және құқықты танып білу үдерісінің логикасы. Ғылыми ойлау амалдары. Анализ, синтез, индукция, дедукция, гипотеза.

Мемлекет және құқықты оқып үйренудің нақты әдістері. Формальдық логикалық әдіс. Салыстыру әдісі. Мемлекет және құқықты зерттеудің социологиялық (әлеуметтанулық) әдістері: анкеттеу әдісі, сұхбат, әлеуметтік тәжірибесі. Мемлекет және құқықты зерттеудің жүйелік әдісі.

Мемлекет және құқық теориясының заң ғылымдарының жүйесіндегі орны, рөлі мен атқаратын қызметі. Мемлекет және құқық теориясының жалпылаушы және әдіснамалық қызметтері. Мемлекет және құқық теориясының болжамдық қызметі. Мемлекет және құқық теориясының тарихи-теориялық, салалық және арнайы қолданбалы заң пәндерінің жүйесіндегі орны. Олардың ортақтығы, айырмашылығы, өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалдастығы. Мемлекет және құқық теориясы мен саясаттанудың арақатынасы.

Мемлекет және құқық теориясы курсының жүйесі. Мемлекет және құқық теориясының осы заманғы заңгердің заңдық дүниетанымы мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы рөлі.

Мемлекет және құқықтың отандық теориясы, оның дамуы. Оны дағдарыс жағдайынан шығару жолдары.

## **2. Мемлекеттің пайда болуы**

Алғашқы қоғам. Алғашқы қоғамның иемденуші экономикасына сипаттама. Рулық құрылыс. Рулық құрылыстағы басқару органдары мен тәртіп нормалары. Рулық құрылыстағы қоғамдық билік. Рулық құрылыстың экономикалық негізі. Иемденуші экономикадан өндіруші экономикаға көшу. Жеке меншіктің пайда болуы. Қоғамның жіктелуі, әлеуметтік теңсіздік пен шиеленістердің пайда болуы. Мемлекеттің пайда болуы. Мемлекет алғашқы таптық қоғамның саяси, құрылымдық, аймақтық ұйымы ретінде.

Мемлекеттің әлеуметтік мәніндегі дуализм: мемлекет қоғамды басқару тетігі және таптық шиеленістерді шешудің құралы ретінде.

Мемлекет өндіруші экономиканы қамтамасыз ететін әлеуметтік институт ретінде. Мемлекеттің пайда болуы туралы негізгі теориялар: материалистік теория, табиғи-құқықтық теория, органикалық теория, зорлық теориясы, психологиялық теория, теологиялық, технократтық, патриархалдық, шарттық және басқа да теориялар.

## **3. Мемлекет туралы түсінік және оның белгілері**

Мемлекет анықтамасының әртүрлілігі. Мемлекеттің мәні. Мемлекеттің мәніндегі жалпы әлеуметтік және таптық сипаттар. Мемлекет жария-құқықтық қауымдастық ретінде. Мемлекеттік егемендік. Ұлт және мемлекет. Мемлекет пен экономиканың өзара байланысы. Мемлекеттіліктің эволюциясы. Мемлекеттің даму кезеңдері. Әртүрлі халықтардағы мемлекеттілік дамуының әртектілігі. Мемлекет белгілерінің қалыптасуы: жариялық билік, мемлекет бағыныстыларының аумақтық бөлінуі, салықтар, қарыздар, мемлекеттік борыштар. Мемлекеттілік және егемендік. Құқық шығармашылық мемлекеттің белгісі ретінде. Мемлекет белгілерінің қалыптасуының дәйектілігі. Әртүрлі халықтарда мемлекеттіліктің қалыптасу ерекшеліктері.

## **4. Мемлекеттің мәні және қызметтері (функциялары)**

Мемлекет функцияларының түсінігі мен мазмұны. Мемлекеттің әлеуметтік тағайыны, мемлекеттің міндеттері мен функциялары. Мемлекет функцияларының түсінігі және оларды жіктеу. Мемлекет функцияларын жіктеудің әртүрлі амалдары мен негіздері. Мемлекеттің негізгі ішкі және сыртқы функциялары. Мемлекеттің тұрақты және уақытша функциялары. Мемлекеттің гуманистік, экономикалық және саяси функциялары.

Қазіргі кезеңдегі мемлекет функцияларының эволюциясы. Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік функциялары. Азаматтарды әлеуметтік қорғаудың, адам құқытарын қорғаудың, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудың функциялары. Экологиялық функция. Мемлекеттің мәдени-тәрбиелік функциясы. Мемлекеттің сыртқы функциялары. Отан қорғау функциясы, бейбітшілікті сақтау жөніндегі функция. Мемлекеттің әлемдік экономикаға кіруін қамтамасыз ететін өзге мемлекеттермен экономикалық, мәдени және техникалық ынтымақтастығының функциялары.

Мемлекет функцияларын жүзеге асыру нысандары мен әдістері. Мемлекет функцияларын жүзеге асыру нысандары. Мемлекет функцияларын жүзеге асырудың құқық шығармашылық, құқық атқарушылық және құқық қорғаушылық нысандары. Мемлекет функцияларын ұйымдастыру нысандары.

Мемлекеттің функциясы және мемлекеттік органның функциясы. Демократиялық жаңару, нарықтық экономикаға көшу, әлемдік өркениетке қосылу кезіндегі мемлекет функцияларының эволюциясы.

## **5. Мемлекет механизмі (тетігі)**

Мемлекет механизмінің түсінігі. Мемлекет механизмі және мемлекеттік аппарат. Мемлекеттік аппараттың құрылымы мен жұмыс жасауының негізгі қағидалары: билікті бөлу,

интернационализм, демократизм, кәсібилік, мемлекеттің егемендік биліктің халыққа қатыстылығы, адам құқығын қорғау, заңдылық және т.б. мемлекеттік аппараттың билікті басып алуына жол бермеуі. Мемлекеттік аппарат қызметіндегі бюрократизммен, сыбайлас жемқорлықпен күрес. Мемлекет пен қоғамның өзара қатынасының бұзылуы, оны жоюдың жолдары мен әдістері. Мемлекеттік қызмет туралы заң. Мемлекеттік қызмет кадрлары, оларды жіктеу. Мемлекеттік қызметкерлерді іріктеу қағидалары және оларға қойылатын талаптар.

Мемлекеттік орган және оның белгілері. Мемлекеттік органның міндеттері, функциялары және құзыреті. Мемлекеттік органның өктемдік өкілеттіктері. Мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, сот органдары. Мемлекеттің жоғарғы және жергілікті органдары. Жалпы және арнайы құзыретті органдар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесі. ҚР Президенті. ҚР заңнамалық билігі. ҚР Парламенті. Сенат. Мәжіліс. ҚР атқарушы билігі. Үкімет. Премьер-министр. Министрліктер. Мемлекеттік комитеттер. Конституциялық Кеңес.

Қазақстан Республикасының сот билігі. ҚР Жоғарғы Соты және ҚР жергілікті соттары. Қазақстан Республикасындағы сот әділдігі. Сот әділдігінің бұзылуы және оның алдын алу жолдары. Сот реформасы. Азаматтарды сот арқылы қорғау және соттың тәуелсіздігін қамтамасыз ету. Құқықтық мемлекетке көшу жағдайында адвокатураның орны мен рөлі. Қазақстан Республикасында соттарды іріктеу қағидалары. Қазақстан Республикасында Жоғарғы сот кеңесі. Әділеттің біліктілік алқасы.

#### **6. Мемлекеттің нысаны (формасы)**

Мемлекет мәнінің, әлеуметтік мұратының және нысанының арақатынасы. Мемлекет нысанының түсінігі. Басқару нысаны, ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылым нысаны, мемлекеттің саяси режимі.

Мемлекет нысанын айқындайтын мән-жайлар. Географиялық, экономикалық, саяси, тарихи, ұлттық, климаттық. Мемлекет нысанының сабақтастығы. Атақты тұлғаның, белгілі бір мемлекеттердің саяси тәжірибесінің, табыс пен діннің мемлекет нысанына ықпалы. Мемлекет нысаны мен типтерінің өзара қатынасы.

Басқару нысаны. Монархия. Абсолюттік монархия. Шектеулі монархия. Шығыстық озбырылық (деспотия). Ерте феодалдық, сословиелік-сайланбалы. Дуалистік, парламенттік монархиялар.

Республика. Аристократиялық. Демократиялық. Парламенттік. Президенттік. Кеңестік. Халықтық-демократиялық. Аралас.

Мемлекеттің құрылым нысаны. Унитарлық мемлекет. Мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлінуі. Федерация. Ұлттық-мемлекеттік құрылым. Ұлттық және аумақтық негіздегі федерациялар. Аралас федерациялар. Конфедерациялар. Конфедерацияның түрлері. Конфедерацияның федерациядан айырмашылығы. Өзге де мемлекеттік және мемлекетаралық құрылымдар: қауымдастықтар, достастықтар, империялар, ассоциациялар.

Мемлекеттік-саяси режим. Демократиялық және антидемократиялық саяси режимдер. Антидемократиялық режимдер: озбырлық, фашистік, тоталитарлық, авторитарлық, теократиялық, нәсілдік, әскери диктатура., Демократиялық мемлекеттік-саяси режимдер: патерналистік, либералды-демократиялық, формальді-демократиялық, діни-демократиялық. Кеңестік мемлекеттегі тоталитарлық режимнің ерекшелігі. Осы заманғы мемлекет нысандары.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестігі. Егемендік параметрлері. Жаңа үлгінің инварианттары. жетістіктер жолында. «Қазақстан-2030» және кәсіби мемлекет.

#### **7. Мемлекет және құқы типологиясы**

Мемлекеттің типологиясына негізгі көзқарастар. мемлекеттің марксистік типологиясы. Құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, социалистік мемлекет. Мемлекеттің тарихи үлгілерінің алмасуы және бір үлгіден екіншісіне ауысуы. Өтпелі (транзиттік) даму кезеңіндегі мемлекет.

Мемлекетті кезеңдеуге хронологиялық көзқарас. Ежелгі ғасырлардағы, орта ғасырлардағы, жаңа және жаңаша уақыттағы мемлекет.

Кеңес мемлекетінің дағдарысы: пайда болу заңдылығы, даму кезеңдері, мәні. ҚР қазіргі мемлекеттенуінің өтпелі жағдайы.

Мемлекет типологиясындағы өркениетті көзқарас. Өркениеттің типологиясы және мемлекеттендірудің негіздері.

Құқық типтерінің түсінігі. Құқық типтерінің әлеуметтік экономикалық құрылымымен арақатынасы. Құқықтың тарихи типтері: құлиеленушілік, феодалдық, буржуаздық және құқықтың кеңестік типі.

Құқық типтерінің хронологиялық жолы: ежелгі ғасыр құқығы, орта ғасыр құқығы, жаңа ғасыр құқығы, жаңаша ғасыр құқығы.

## **8. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінде**

Азаматтық қоғам және саяси жүйе. Билік және оны басқару. Билік әлеуметтік құбылыс ретінде және оның әлеуметтік, саяси және ұйымдастырушылық аспектідегі мәні. Биліктің түрлері және типтері. Билікті шектеу, оны жеңудің жолдары мен әдістері. Саяси билік және тұлға. Биліктің қағидалары, оның құрылу жүйесі, негізгі белгілері. Биліктің легитимділігі.

Саяси жүйе, оның мәні, пайда болуының объективтік маңызы және қоғамның саяси өмірдегі рөлі. Жүйенің құрылымы, олардың элементтерін топтастыру, оны бағалаудың белгілері.

Қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелерінің арақатынасы. Саяси жүйенің белгілері: мемлекеттік басқарудың бастапқы қағидалары: «персоноцентризм», «системоцентризм» және олардың қоғамның саяси өмірінде алатын рөлі.

Саяси жүйеде мемлекеттің алатын орны. Мемлекеттік билік. Мемлекеттік биліктің негізгі институттары, оны жүзеге асыру механизмі. Мемлекеттік биліктің негізгі қызметі, оның басқа саяси жүйенің элементтерімен арақатынасы. Мемлекеттік аппарат және саяси жүйе.

Мемлекет және саяси жүйенің басқа да элементтері. Мемлекет және азаматтық қоғам. Мемлекет және партиялар. Партиялардың мемлекетті басқаруда қатысу нысандары. Басқарушы партия. Парламенттік партия. Оппозициялық партия. Көппартиялылық - саяси жүйе құрылымының қағидалары. Қоғамдық қозғалыстар, тәуелсіз баспа, қоғамдық көзқарасты зерттеу институты, мемлекеттік қоғамның элементтері, олардың қоғамның саяси өмірінде алатын рөлі. Мемлекет және еңбек ұжымдары. Мемлекет және шіркеу. Зайырлы және теократиялық мемлекеттер.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасында саяси жүйенің даму ерекшеліктері. Саяси сана. Саяси сананың құрылымы. Саяси идеология. Қоғамдық пікір.

## **9. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам**

Құқықтық мемлекет және оның негізгі сипаты. Құқықтық мемлекеттің мақсаттары, міндеттері және атқаратын қызметі. Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік мәні. Құқықтық мемлекеттің саяси негіздері. Құқықтық мемлекеттің экономикасы. Құқықтық мемлекеттің этатистік мемлекеттен айырмашылығы.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері. Адам құқықтарын қорғау - саяси режимге тән сипат. Тұлғаның сенімді және еркін өмір сүруін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен бостандықтардың шынайылығын кепілдендіру. Мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі.

Құқық пен заңның сәйкес келуі - құқықтық мемлекеттің динамикалық құқықтық жүйесінің қасиеті. Заңдылық және әділеттілік қағидасының тұрақтылығы, заң үстемдігі, құқықтық жүйенің тиімділігі.

Биліктің бөлінуі, олардың теңдігі, тепе-теңдік және тежемелік механизімін қамтамасыз ету. Демократиялық, тәуелсіз, әділ сот. Тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары, саяси жүйенің жұмыс істеуінде қоғамдық пікірді зерттеу және қолдану.

Қазақстан Республикасында демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетті қалыптастырудың теориясы және тәжірибесі. Қызметтің бастапқы қағидалары:

қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, барлық халық үшін экономикалық даму, патриотизм, мемлекеттік өмір мәселелерінің демократиялық шешімдері. Конституцияның және заңдардың басқа нормативтік актілерден басымдылығы, азамат пен мемлекеттің ортақ құқықтары мен міндеттерінің байланысы.

#### **10. Құқықтың түсінігі, мәні және функциялары**

Құқықтың пайда болуы. Рулық қауымның мононормалары және олардың құқыққа айналуы. Құқықтың қалыптасуының себептері мен негізгі амалдары. Құқықтың тағайыны. Құқықтың белгі-нышандары. Құқықтың мемлекетпен байланысы. Құқықтың мәні.

Құқықтың пайда болуының негізгі теориялары: табиғи-құқықтық, теологиялық, нормативистік, марксистік, психологиялық және социологиялық. Қазіргі кездегі құқықтық танымның жалпы сипаттамасы. Объективтік құқық және субъективтік құқық. Құқықтың анықтамасы. Құқықтың нормативтілігі, жалпыға бірдей міндеттілігі, формальді анықтылығы, жүйелілігі мен еріктілігі сипаты оның негізгі белгілері мен мәндік ерекшеліктері ретінде.

Құқықтағы объективтілік пен субъективтілік. Құқық және әлеуметтік-экономикалық құрылыс. Құқық және саясат. Құқық және мораль. Құқық және дін.

Құқық функциясының түсінігі. Құқық функциясының жүйесі. Құқықтың реттеушілік және қорғаушылық, тәрбиелік және ақпараттық функциялары.

#### **11. Қоғамның әлеуметтік нормалары жүйесіндегі құқық**

Қоғамдық қатынастардың нормативтік реттелуі. Нормативтік реттеулердің түрлері. Қоғамның әлеуметтік нормалары. Техникалық нормалар.

Әлеуметтік және техникалық нормалардың түрлері. Қоғамның әлеуметтік нормаларын топтастыру негіздемесі.

Әдет-ғұрыптар. Дәстүрлер. Іскерлік дағдылар. Салттар. Өнегелік нормалар. Қоғамдық ұйымдардың нормалары. Қоғамның әлеуметтік нормаларындағы жалпылық пен арнайылық. Қоғамның әлеуметтік нормаларының өзара әрекеттесуі, өзара әсер етуі және өзара байланысы.

Қоғамның әлеуметтік нормалары жүйесіндегі құқық нормалары және олардың ерекшеліктері.

#### **12. Құқықтың қайнар-көздері**

Құқықтың қайнар-көздерінің түсінігі. Құқықтың қайнар-көздері мен құқықтың нысаны. Санкцияланған әдет-ғұрыптар, сот прецеденті, нормативтік-құқықтық акт. Құқықтың қайнар-көзі ретінде - доктрина. Құқықтың нысаны ретінде – нормативтік шарт. Құқықтың мәні мен нысанының өзара байланысы, құқықтағы мирасқорлық. Құқық рецепциясы.

Нормативтік-құқықтық актілердің түсінігі және жалпы сипаттамасы. Нормативтік-құқықтық актілердің қолдану актілері мен құқықты талқылау актілерінен айрмашылығы. Нормативтік-құқықтық актілердің түрлері, оларды топтастыру критерийлері. Нормативтік-құқықтық актілердің заң күші бойынша, әрекет ету аясы бойынша, оны қабылдайтын субъектілері бойынша, әрекет ету уақыты бойынша түрлері.

Заңның түсінігі. Құқық және заң. Заңдардың үстемділігі. Заңдардың түрлері. Конституция және оның белгілері. Конституцияның жоғары заңдық күші. Конституцияның тікелей әрекет етуі. ҚР-дағы нормативтік-құқықтық актілер туралы заң және оның заң ғылымы мен құқықтық тәжірибені дамыту үшін маңызы.

ҚР Президентінің жарлықтары. Президенттің заң күші бар жарлықтары. Үкіметтің қаулылары. Премьер-министрдің өкімдері. ҚР Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Соттың қаулылары. Сенат пен Мәжілістің қаулылары. ҚР халықаралық шарттары.

Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару органдарының нормативтік-құқықтық актілері. Мәслихаттардың шешімдері, әкімдердің шешімдері мен өкімдері. Заңнаманың түсінігі. Құқық жүйесі және заңдар жүйесі. Құқықтық жүйе, құқық жүйесі және заңдар жүйесінің арақатынасы. Нормативтік-құқықтық актілердің уақыты бойынша, кеңістікте және субъектілер бойынша әрекет етуі. Заңның кері күші. Нормативтік-құқықтық актілердің арасындағы қарама-қайшылықтар және олардың шешілуі.

#### **13. Құқық нормалары**

Құқық нормаларының түсінігі. Құқық нормасы – мінез-құлықтың үлгісі, ережесі, өлшемі, көлемі. Құқық нормаларының белгілері: формальді анықтылығы, жалпыға бірдей міндеттілігі, жүйелілігі, әрекет етуінің қат-қабаттылығы, адресаттың кейіптеушіліксізі, мемлекетпен қамтамасыз етілуі, ұсыныстық-міндеттеуші сипаты. Құқықтық нормалардың мемлекетпен байланысы. Құқықтық нормаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуде мемлекеттік мәжбүрлеу мүмкіншілігі.

Құқықтық норманың логикалық құрылымы. Гипотеза, диспозиция және санкция – құқықтық норманың логикалық элементтері. Құқықтық норманың гипотезасы – құқықтық норманы қолдану жағдайын нормативті анықтау. Гипотезаның түрлері. Құқықтық норманың диспозициясы – мүмкін не тиісті мінез-құлықтың түрі мен көлемін көрсету. Құқықтық норманың диспозициясы - құқық, міндет, тыйым. Құқықтық норманың санкциясы. Құқықтық норманың санкциясы: жауаптылықтың шарасы, құқық субъектісінің мінез-құлқының нәтижесінде туындайтын жағымсыз салдардан ескерту, қорғау. Санкцияның түрлері. Абсолютті-анық, баламалы-анық және салыстырмалы санкция.

Құқық нормасы мен нормативтік-құқықтық актінің бабының арақатынасы. Құқық нормасы мен нормативтік ұйғарым. Құқық нормасының құрылымдық сипаттамаларының қатыстылығы.

Құқық нормасын нормативтік құқықтық актінің бабына орналастыру тәсілдері: тура, бланкетті және сілтемелі. Өзгеше нормативтік шешімдер.

Құқық нормасының түрлері. Құқықтық нормалардың топтастырылуының критерийлері: белгілеу тәсілі, заңдық күш, әрекет ету аясы, реттеу пәні, әрекет ету мерзімі, биліктік дәрежесі немесе құқықтық реттеу әдісі, құқықтық реттеу механизміндегі функциялар, ұйғарымдардың көрініс табу нысандары.

#### **14. Құқық жүйесі**

Құқық жүйесінің түсінігі. Құқық жүйесінің құрылымдық элементтері. Құқық жүйесін құру қағидалары. Құқық жүйесі мен заңдар жүйесі түсініктерінің арақатынасы. Әр түрлі құқықтық жүйелердегі құқық жүйесі. ҚР құқық жүйесінің салалық құрылуы.

Құқықтың салаларға бөлінуінің критерийлері: қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу пәні мен әдісі. Құқық нормасы. Құқық институты. Құқық салашығы мен саласы. Кешенді құқық саласы. Жария құқық және жеке құқық. Материалдық құқық және процессуалдық құқық. Халықаралық және ұлттық құқықтың арақатынасы. Халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан басымдылығы. ҚР құқық салаларының сипаттамасы.

#### **15. Құқық шығармашылық**

Құқық шығармашылықтың жалпы сипаттамасы. Құқықтың және құқық шығармашылықтың қалыптасуы. Әр түрлі құқықтық жүйелердегі құқық шығармашылық. Құқық шығармашылық үрдіс. Мемлекеттің құқық шығармашылық қызметінің қағидалары: демократизм, ғылыми сипат, заңдылық және кәсіпқойлық және т.б. Халықтың тікелей құқық шығармашылығы. Референдум. Заң шығару үрдісінің түсінігі және сатылары. Заң шығару бастамашылығы. Заң жобасын жасау. Заң жобасына келісу. Заң жобасын талқылау. Заңды қабылдау. Заңды жариялау. Нормативтік актілердің жариялану тәртібі мен күшіне енуі. ҚР заң шығару қызметі үрдісіндегі ҚР Конституциялық Кеңестің рөлі.

Заң техникасы және оның құқық шығармашылық қызмет үшін маңызы. Заңның тілі. Заң шығарушының құқықтық мәдениеті және оның заң шығару қызметіндегі рөлі.

#### **16. Заңдарды жүйелеу**

Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеудің түсінігі. Жүйелеудің түрлері. Заңдардың кодификациясы және оның ерекшеліктері. Кодификацияның түрлері: заңдар, кодекстер, заңның негізі, заңдардың жиынтығы. Қазіргі кезеңде кодификацияның дамуы. Кодификацияланған актілерді жетілдіру мәселелері.

Инкорпорация және оның түрлері. Хронологиялық, жүйелілік және пәндік. Консолидация. Заңдарды жүйелеудің қазіргі тәсілдері. Заңдарды есепке алу және осы мақсат үшін электронды-есептеуіш техникасын пайдалану.

#### **17. Құқықтық қатынастар**



Құқықтық қатынастар – құқық нормасымен реттелген қоғамдық қатынастар. Құқықтық қатынастардың түсінігі, олардың белгілері. Құқықтық қатынастар – қоғамдық қатынастардың нысаны. Құқықтық қатынастар – құқықты жүзеге асыру нысаны. Құқықтық қатынастардан тыс құқықты жүзеге асыру. Құқық нормасы және құқықтық қатынастар. Құқықтық қатынастардың түрлері. Құқықтық қатынастардың топтастырылуының критерийлері. Реттеушілік және қорғаушылық құқықтық қатынастар. Абсолюттік және қатыстылық құқықтық қатынастар. Жалпы реттеушілік құқықтық қатынастар. Құқықтық қатынастардың құқық салалары бойынша топтастырылуы.

Құқықтық қатынастардың құрылымы. Құқықтық қатынастардың субъектілері, құқықтық қатынастардың объектілері, құқықтық қатынастардың мазмұны. Субъективтік құқықтың түсінігі және мазмұны. Құқықтық мүмкіндіктердің түрлері, құқықтық талап ету. Заңды міндеттің түсінігі, мазмұны және түрлері.

Құқықтық қатынастардың субъектілері. Құқық қабілеттілік. Құқық субъектілерінің әрекет қабілеттілігі, деликтік қабілеттілігі. Құқық субъектілік. Құқықтық мәртебе. Өкілеттілік. Құқық субъектілерінің сипаты. Азамат. Лауазымды тұлға. Мемлекеттік орган. Қоғамдық ұйым. Мемлекет. Жеке және заңды тұлғалар. Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар. Құқықтық қатынастардың объектілері. Құқықтық қатынастардың объектісінің монистикалық теориясы. Адамның мінез-құлқы-құқықтық қатынастардың объектісі. Құқықтық қатынастардың объектісінің плюралистік теориясы.

Заңды фактілер құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеру және тоқтатылу негіздері ретінде. Заңды фактілердің топтастырылуы. Құқықты пайда болдыратын, құқықты өзгертетін және құқықты тоқтататын заңды фактілер. Оқиға және әрекет. Құқыққа сай және құқыққа қарсы әрекеттер. Қылмыстар және терісқылықтар. Іс жүзіндегі заңдық құрам. Заңдық жағдай.

### **18. Құқықты жүзеге асыру**

Құқықты жүзеге асырудың түсінігі, оның нысандары мен әдістері. Құқықты жүзеге асырудың тікелей (жай) нысандары. Құқықты сақтау, орындау және пайдалану. Құқықты қолдану – құқықты жүзеге асырудың күрделі нысаны. Құқықты қолданудың қажеттілігі туындайтын жағдайлар. Құқықты қолдану, оның белгілері және ерекшеліктері. Құқықты қолданудың сатылары. Құқықты қолдану үрдісіне қойылатын талаптар. Істің іс жүзіндегі мән-жайларын анықтау. Істің заңдық негізін анықтау. Құқықтық нормаларды таңдау және талдау. Құқықтық норманың растығын анықтау. Заңи біліктілік. Шешім шығару және оны рәсімдеу. Шешімді мүдделі тұлғаларға жеткізу. Құқықты қолданудың тиімділігі.

Құқықты қолдану субъектілері. Мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, мемлекеттің құқық қорғаушы органдары, қоғамдық ұйымдар. Құқықты қолдану актілері. Құқықты қолдану актісінің түсінігі және түрлері. Құқықты қолдану актілерін атқару. Құқықты қолдану актілерінің субъектілер бойынша топтастырылуы.

### **19. Нормативтік актілерді талқылау**

Нормативтік-құқықтық актілерді талқылаудың түсінігі. Құқықтық нормалардың мазмұнын түсіну және түсіндіру. Талқылаудың түрлері. Ресми және бейресми талқылау. Нормативтік және казуалды түсіндіру. Аутентикалық, доктриналды, әдеттегі түсіндіру.

Құқықты талқылаудың субъектілері. ҚР Конституциялық Кеңесі. ҚР Жоғары Сотының Пленумы. Нормативтік-құқықтық актілерді қабылдайтын мемлекеттік органдар. Заңгерлер. Ғылыми қызметкерлер. Азаматтар.

Құқықты түсіндірудің тәсілдері: филологиялық, тарихи, логикалық, жүйелілік, саяси-тарихи. Көлемі бойынша құқықты түсіндіру: дәлме-дәл, шектелген және кеңейтілген құқықты түсіндіру. Құқықтағы олқылықтың түсінігі. Құқықтағы олқылықтың орнын толтыру тәсілдері. Құқық шығармашылық қызметі арқылы құқықтағы олқылықтың орнын толтыру. Құқықтағы ұқсастық институты. Заң ұқсастығы және құқық ұқсастығы. Ұқсастықты қолданудың шарты мен негізі.

### **20. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Құқықтық нигилизм**

Құқықтық сана – қоғамдық сананың нысаны. Құқықтық сананың қоғамдық сананың өзге де саяси, құқықтық, өнегелік және діни нысандарымен арақатынасы. Құқық пен құқықтық сананың өзара әрекет ету нысандары. Құқықтық сананың құрылымы: құқықтық идеология және құқықтық психология. Субъектілер бойынша құқықтық сананың түрлері: қоғамдық, топтық және жеке құқықтық сана. Мазмұны бойынша құқықтық сананың түрлері: әдеттегі, кәсіби және теориялық құқықтық сана.

Тұлғаның әлеуметтік-құқықтық анықталуы. Құқықтық сана және зани маңызы бар мінез-құлық. Құқыққа сай мінез-құлықтың психологиясы. Қоғамның құқықтық мәдениеті және құқықтық сана. Құқықтық мәдениет: элементтері, мазмұны, әрекет ету аясы және нысандары. Құқықтық және саяси мәдениеттің арақатынасы. Құқықтық мәдениеттің жалпы сипаттамасы. Қоғамның құқықтық мәдениеті. Заңгердің құқықтық мәдениеті. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырудағы заңгерлердің кәсіби қауымдастығының рөлі. Құқықтық мәдениеттің функциялары: танымдық, бағалау және реттеушілік. Құқықтық мемлекетті, заң шығармашылық және құқық қолдану қызметтерін жетілдіруді қалыптастырудағы құқықтық мәдениеттің маңызы. Құқыққа құрмет және қазіргі кезде оның қалыптасу үрдістері.

Азаматтардың құқықтық санасының деформациясы. Тұлғаның құқықтық санасындағы құқықтық инфантилизм, нигилизм. Құқықтық нигилизм қоғамның жәй-күйі ретінде, құқықтық нигилизмнің себептері. Құқықтық нигилизмнің нысандары және олармен күресу жолдары. Азаматтардың құқықтық тәрбиесінің түсінігі, мазмұны және мақсаттары. Демократиялық қоғамда азаматтарды құқықтық тәрбиелеу механизмі, нысандары және құралдары.

### **21. Құқық және мінез-құлық. Құқыққа сай мінез-құлық**

Құқықтық мінез-құлық. Құқыққа сай мінез-құлық. Тұлғаның мінез-құлығының мотивациясы және құқықтық фактор. Еркіндік, сана және олардың тұлғаның құқықтық өмірінде көріну нысандары. Құқықтық мінез-құлықтың түсінігі мен белгілері. Құқыққа сай мінез-құлықтың құрамы: объективтік және субъективтік тұстары. Құқыққа сай мінез-құлықтың ниеті. Құқыққа сай мінез-құлықтың түрлері. Құқыққа сай мінез-құлықтың психологиясы. Құқыққа сай мінез-құлықтың ниетін қалыптастыру факторы ретінде құқықтық құрылғы мен құқықтық мәдениет.

### **22. Құқық бұзушылық және заңды жауаптылық**

Құқық бұзушылықтың түсінігі. Құқық бұзушылықтың заңды құрамы. Құқық бұзушылықтың субъектілері. Құқық бұзушылықтың объективтік және субъективтік жақтары. Кінәнің нысандары. Құқық бұзушылықтағы зиян мен себепті байланыс.

Құқық бұзушылықтың негізгі белгілері. Құқық бұзушылықтың түрлері. Қылмыстылықтың, сонымен қатар өзге де құқық бұзушылықтардың әлеуметтік табиғаты мен себептері.

Заңды жауаптылық: түсінігі мен негізгі белгілері. Құқық бұзушылық – заңды жауаптылық үшін негіз. Заңды жауаптылықтың моральдік және саяси жауаптылықтан айырмашылығы. Заңды жауаптылық және құқықтық санкциялар.

Заңды жауаптылықтың түрлері. Заңды жауаптылықтан босату негіздері. Кінәсіздік презумпциясы, оның мазмұны. Қажетті қорғану және аса қажеттілік заңды жауаптылықтан босату негізі ретінде.

### **23. Заңдылық, құқықтық тәртіп, тәртіп. Құқықтық реттеу механизмі.**

Заңдылықтың түсінігі. Заңдылықты қамтамасыз етудегі Конституцияның орны мен рөлі. Конституциялық заңдылық – заңдылық пен құқықтық тәртіптің негізі.

Қазіргі мемлекеттерде заңдылықтың бұзылуы: себептері, нысандары, күресу жолдары. Заңдылық және бағынбаушылық. Тоталитарлық мемлекеттерде заңдылықтың бұзылу нысандары.

Құқықтық тәртіптің түсінігі. Құқықтық тәртіп пен қоғамдық тәртіп. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің кепілдіктері мен әдістері. Тәртіптің түсінігі. Заңдылық пен тәртіп. Тәртіптің түрлері. Атқарушылық тәртіп, оның мемлекеттік аппарат қызметіндегі маңызы. Технологиялық тәртіп. Кәсіпкерлік қызметтегі тәртіп.

Құқықтық реттеу мен құқықтық ықпал ету. Құқықтық реттеу механизмінің түсінігі. Құқықтық реттеу механизмінің сатылары мен негізгі элементтері. Құқықтық реттеу үрдісіндегі құқық нормасының, заңды фактілердің, құқықтық қатынастардың, құқық қолданушылық қызметтің актілерінің рөлі.

Құқықтық реттеу механизмінің тиімділігі және құқықтық реттеу механизмінің тиімділігіне әсер ететін факторлар.

### ***Пән «Азаматтық құқық»***

#### **1. Кіріспе. Азаматтық құқық оқу пәні ретінде**

Азаматтық құқық саласы жүйесінде. Азаматтық-құқықтық реттеу пәні. Мүліктік қатынастар, мүліктік емес өзіндік қатынастар.

Азаматтық-құқықтық реттеу әдісі. Азаматтық құқықтың негізгі қағидалары.

Азаматтық құқық және азаматтық заңдар. Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін негізгі азаматтық заңнамалар, олардың арақатынасы. Азаматтық заңдардың әрекет етуі. Халықаралық мәмілелер және азаматтық заңдар. Әдет-ғұрыптар және іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар-азаматтық құқығының қайнар көзі.

Азаматтық құқықтағы мерзімдер. Талап мерзімдері.

#### **2. Жеке тұлғалар азаматтық құқығын субъектісі ретінде**

Жеке тұлға туралы ұғым. Құқыққабылеттілік туралы түсінік және оның мазмұны. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқық қабылеттілігі.

Құқыққабылеттілікке шек қоюға жол бермеу. Әрекет қабылеттілігін шектеу ерекшеліктері.

Қорғаншы және қамқоршы. Тұрғылықты жер және оның заңи маңызы.

Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану және оның салдары. Азаматты өлді деп жариялау және оның салдары.

#### **3. Заңды тұлға, мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөліністер азаматтық құқықтың субъектісі ретінде**

Заңды тұлға туралы түсінік және оның белгілері, пайда болуы.

Заңды тұлғаны тоқтату және қайта құру.

Заңды тұлғаның түрлері. Коммерциялық, коммерциялық емес заңды тұлғалар.

Коммерциялық ұйымдардың түрлері мен ерекшеліктері. Коммерциялық емес заңды тұлғалардың құқықтық ерекшеліктері.

Мемлекет және аумақтық-әкімшілік бөліністер азаматтық құқық субъектісі ретінде.

#### **4. Азаматтық құқығының объектілері**

Азаматтық құқығының объектілері туралы түсінік және оның түрлері. Мүлік - азаматтық құқығының объектісі. Мүліктің классификациясы.

Қызмет және басқа әрекеттер-азаматтық құқығының объектілері. Интеллектуалдық қызметтің нәтижелері-азаматтық құқықтың объектілері ретінде.

Ақша және басқа да шетел валютасы.

Бағалы қағаздар. Түсінігі және түрлері.

Өзіндік мүліктік емес игіліктер-азаматтық құқығының объектісі ретінде.

#### **5. Мәміле институты**

Азаматтық құқықтағы мәмілелер ұғымы және олардың түрлері.

Мәміленің нысаны.

Мәмілелердің жарамдылық мәмілелері. Мәміленің жай жазбаша нысанын сақтамаудың салдары.

Жарамсыз мәмілелер түсінігі, түрлері.

#### **6. Өкілдік және сенімхат**

Өкілдік түсінігі мен түрлері. Өкілдіктің пайда болу негіздері.

Коммерциялық өкілдік және оның ерекшеліктері. Сенімхат түсінігі мен түрлері. Сенімхаттың жарамдылық жағдайлары. Сенім ауысу.

#### **7. Меншік институты**

Меншік құқығы туралы түсінік және оның мазмұны.

Меншік нысаны. Жеке меншік және мемлекеттік меншік. Мемлекеттік меншік және жекешелендіру.

Жеке меншік және оның түрлері.

Меншік құқығының пайда болу негіздері мен тәсілдері. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі. Меншік құқығының ерікті түрде тоқтатылуы.

Ортақ меншік ұғымы және түрлік сипаттамасы.

Меншік құқығын қорғаудың азаматтық құқықтық тәсілдері. Меншік иесінің Ұзгеден заңсыз иеленген мүлкін талап етуі. /Виндикациялық талап/. Заттарды заңсыз иеленуден қайтарып алу кезінде есеп айырысу. Меншік иесі құқықтарын иеленуден айыруға байланысы жоқ бұзылудан қорғау. /Негаторлық талап/. Меншік құқығын қорғаудың басқа да тәсілдері.

### **8. Міндеттеме түсінігі және тараптары**

Міндеттемелік құқық ұғымы мен жүйесі. Міндеттеме туралы түсінік және оның басқа мүліктік қатынастардан ерекшелігі. Міндеттеменің пайда болу негіздері. Мәмілеті және мәмілесіз міндеттемелер. Міндеттемедегі көпжақтылық. Ортақ, үлестік және субсидиарлық міндеттемелер. Шінші жақтың қатысуымен болатын міндеттемелер. Регресстік міндеттемелер. Үшінші жақтың пайдасына орындалатын міндеттеме. Міндеттемеде тараптардың ауысуы. Міндеттемені орындау ұғымы. Міндеттемені орындаудың бастаулары. Міндеттемені орындау мерзімі. Міндеттемені мерзімінен бұрын орындау. Міндеттеме орындалатын жер. Міндеттемені бөлшектеп орындау. Міндеттемені үшінші жаққа орындау. Ақшалай міндеттемені орындау. Міндеттеменің орындалғанын куәландыру.

### **9. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері**

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету туралы түсінік және оның маңызы. Тұрақсыздық төлем және оның түрлері. Кепіл түсінігі және түрлері. Кепіл болушылық және кепілдік, бір-бірінен айырмашылығы. Кепілпұл. Ұстап қалу құқығы. Міндеттемені тоқтату негіздері.

### **10. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік**

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік түсінігі және негіздері. Азаматтық құқықтық жауапкершіліктің құқықтық жауапкершілік жүйесінде алатын орны. Заңға қайшы әрекет, залал, кінә және себепті байланыс- азаматтық құқықтық жауапкершіліктің мәмілелері ретінде. Азаматтық құқықтық жауапкершілік түрлері. Үлестік, ортақтасқан және субсидиарлық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктері. Аралас жауапкершілік. Регресстік жауапкершілік. Моральдық шығындарды өтеудің ерекшеліктері.

### **11. Сатып алу-сату шартын құқықтық қамтамасыз ету. Сатып алу-сату шартының түрлік сипаттамасы**

Сатып алу-сату шартының түсінігі және маңызы, сипаттамасы. Сатып алу-сату шартындағы тараптардың құқықтары мен міндеттері. Мүлікті беру мерзімі, саны, сапасы бойынша шарттың талаптарын бұзған кездегі тараптардың жауапкершілігі. Кепілді мерзім және кепілді мерзімді есептеу тәртібі. Тауардың жарамдылық мерзімі. Сатушының шартты орындау сәті. Сатып алынған мүлікке сатып алушының меншік құқығының пайда болуы. Тауардың кездейсоқ бүліну немесе кездейсоқ жойылу қаупінің сатып алушыға ауысуы.

Бөлшек сатып алу-сату шартын құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Тауар жеткізілімі шартының жалпы сипаттамасы. Тауар жеткізілімі шарты талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік. Тауар жеткізілімі шартын орындаудан бір жақты бас тарту негіздері.

Энергиямен және басқа қормен жабдықтау шарттары. Үй, ғимараттарды сату. Кәсіпорындарды сатып алу, сату.

Айырбас шарты. Айырбас шартының түсінігі, шартты құқықтық реттеу.

Сыйға тарту шартының түсінігі және маңызы. Сыйға тарту шартының жалпы сипаттамасы. Қайырмалдық.

### **12. Мүлікті жалдау шарты. Мүлікті жалдау шартының түрлік сипаттамасы**

Мүлік жалдау шартының түсінігі, мазмұны. Мүлік жалдау шарты бойынша тараптардың құқтары мен міндеттері.

Қосымша жалға беру. Мүлікті жалдау шартын орындау. Жалға алушылардың мүлікке жасаған жақсартуларының құқықтық салдары.

Мүлік жалдау шартының түрлік сипаттамасы. Тұрмыстық прокатты құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Үйлер мен ғимараттарды жалдау.

Мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жалдаудың құқықтық ерекшеліктері.

Лизингтік қатынастардың құқықтық табиғаты.

Транспорт құралдарын жалдаудың құқықтық реттелуі. Транспорт құралдарын жалдаудың түрлік сипаттамасы.

### **13. Мердігерлік шартын құқықтық реттеу**

Жұмысты орындауға бағытталған міндеттемелердің түсінігі және жүйесі. Мердігерлік шартының жалпы сипаттамасы. Мердігерлік шартын орындамаған және тиісінше орындамаған және орындамаған кездегі тараптардың жауапкершілігі.

Мердігерлік шартының түрлік сипаттамасы. Күрделі құрылысқа мердігерлік шарты.

Тұрмыстық мердігерлік шартының ерекшеліктері.

Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерліктің ерекшеліктері. Ғылыми зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерліктің ерекшеліктері.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты, құқықтық ерекшеліктері, мердігерлік шартынан айырмашылығы.

### **14. Тасымалдау шарты**

Қазақстан Республикасының заңдары бойынша көлік түрлері. Тасымал, көлік ұйымы, шаруашылық айналымдағы құқықтық жағдайы. Тасымал түрлері, оларды құқықтық реттеу.

Тасымал шартының түсінігі, жүйесі, түрлік сипаттамасы. Тасымал шартының түсінігі, жасалуы және рәсімделуі. Тасымал шартының орындалуы. Жүкті тасымалдау шартының ерекшеліктері. Жолаушыларды тасымалдау шартының ерекше белгілері.

Тасымалдау шарты бойынша наразылық беру және талап қою ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, ерекше белгілері.

### **15. Сақтандыру**

Сақтандыру бойынша міндеттемелердің түсінігі, құқықтық реттелуі. Сақтандыру бойынша міндеттемелердің мазмұны, түрлік сипаттамасы.

Сақтандыру қатынастарындағы негізгі түсініктері. Сақтандыру шартының түсінігі, мазмұны және түрлері.

Сақтандыру шарттарын тиісінше орындамаған кездегі тараптардың Сақтандыру шартының жалпы сипаттамасы. Шінші жақтың пайдасына жасалатын сақтандыру шарты. Сақтандыру міндеттемелерінің орындалуы жауапкершілігі. Сақтандыру шартының тоқтатылу негіздері. Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану, құқықтық салдары.

### **16. Есеп- айырысу, несиелестіру қатынастары**

ҚР есеп-айырысу қатынастарының түсінігі, негізгі принциптері. Есеп-айырысу қатынастарын құқықтық реттеу. ҚР-дағы қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың түрлік сипаттамасы. Банктік қызмет ету шарты, түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері.

Банктік шот, банктік салым шарттары. Несиелестіру қатынастары. Түсінігі, несиелестіру түрлері. Несиелестіру ресурстарының қайтарылуын қамтамасыз ету.

Қарыз шартының нысаны. Қарыз шартының мазмұны және орындалуы.

### **17. Юридикалық /заңи/ және нақты қызмет көрсету туралы шарттар**

Заңи және нақты қызмет көрсету кезінде пайда болатын азаматтық-құқықтық қатынастар.

Тапсырма шартының түсінігі және мазмұны. Тапсырма шартының тараптары, оның нысаны. Коммерциялық өкілдіктің құқықтық нысаны. Тапсырма шартының басқа ұқсас шарттардан айырмашылығы.

Комиссия шарты, түсінігі, маңызы. Комиссия шартының мазмұны және орындалуы. Комиссия шартының түрлері.

Сақтау шарты, түсінігі, мазмұны. Сақтау шартының субъектілері, пәні, мерзімі және нысаны. Шартты орындамаған және тиісінше орындамаған кездегі тараптардың жауапкершілігі.

### **18. Конкурстық міндеттемелер**

Бір жақты әрекеттерден пайда болатын міндеттемелердің түсінігі. Бір жақты міндеттемелердің түрлік сипаттамасы.

Сыйақыға жария уәде беру міндеттемелері. Біржақты мәмле ретіндегі сыйақыға жария уәде беру шартының түсінігі. Лотерея, тотализатор және өзге де ойындар өткізу ерекшеліктері. Тендер және аукцион өткізу ерекшеліктері, құқықтық салдары.

Конкурстан пайда болатын міндеттемелердің орындалуы.

### **19. Зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер**

Зиян келтіру келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелердің түсінігі және шарттары. Зиянды өтеу мөлшерінің көлемі, сипаттамасы. Моральдық зиянды өтеу.

Мемлекеттік органдардың әрекетінен, жергілікті басқару органдарының және лауазымды адамдардың әрекетінен келтірілген зиян үшін жауапкершілік.

Адам өміріне, денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. Тауарлардың, жұмыстардың қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеуі.

### **20. Интеллектуалдық меншік құқығы. Жалпы ережелер.**

Творчестволық қызмет және оның азаматтық құқықтағы ролі. Интеллектуалдық меншік құқығының түсінігі, ерекшеліктері. Өндірістік меншік құқығы. Творчестволық қызметті құқықтық қамтамасыз ету. Творчестволық қызметтің нәтижесін азаматтық құқықтық қорғау институттары.

Интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқық. Олардың әрекет еті мерзімдері. Айрықша құқықтарды қорғау әдістері. Селекциялық жетістіктерге құқық, олардың қорғалуы, мерзімі.

Авторлық құқық объектілерінің түсінігі және белгілері. Авторлық құқық субъектілері. Авторлық шарт. Сабақтас құқық.

### **21. Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгіге құқық. Тауарлар мен қызметтер азаматтық айналымының қатысушыларын дараландыру құралдары**

Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгінің ұғымы. Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгіні пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету. Патент түсінігі мен түрлері.

Қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгі.

Тауарлар мен қызметтер азаматтық айналымының қатысушыларын дараландыру құралдарының ұғымы. Фирмалық атау.

Тауардың шығу жері, атауы. Тауар және қызметтер азаматтық айналымы қатысушыларының дараландыру құралдарын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік.

### **22. Мұрагерлік құқық.**

Азаматтардың меншігіне деген мұрагерліктің түсінігі мен мазмұны. Мұрагерлік құқықтың негізгі ұғымдары. Мұрагерліктің түсінігі, мазмұны және түрлері. Мұраға ие бола адмайтын азаматтар. Мұрагерлік құқық иемденушіліктің объектілері (мұра құрамы).

Өсиет бойынша мұрагерлік. Өсиет - бір тарапты мәміле, оның жасалу нысаны. Өсиетті жою. Легат. Өсиетті орындау. Заң бойынша мұрагерлік. Заң бойынша мұрагерлер. Заң бойынша мұрагерліктің тәртібі. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік. Мұрадағы міндетті үлес. Мұрагерлікті қорғау. Мұраны алудың тәртібі мен құқықтық салдары. Мұра қалдырушының міндеттемелері бойынша несие берушілердің мұрагерлерге қоятын талабы

### ***Пән «Қылмыстық құқық»***

#### **1. Қылмыстық құқықтың түсінігі, пәні, мақсаты, қағидалары және жүйесі.**

Қылмыстық құқықтың түсінігі, пәні және әдісі. Қылмыстық құқықтың мақсаты және қызметі. Қылмыстылыққа қарсы күрес аясындағы мемлекеттің қылмыстық саясаты.

Қылмыстық құқықтың жүйесі. Қылмыстық құқықтың түсінігі және жүйесі. Жалпы және Ерекше бөлімдер. Заңнамадағы және құқық жүйесіндегі қылмыстық құқықтың орны. Қылмыстық құқықтың басқа аралас құқық салаларымен ара қатынасы.

Қылмыстық құқық ғылымы, оның мазмұны және мақсаты. Қылмыстық құқық ғылымының әдістері, оның тәжірибемен байланысы.

Қылмыстық құқық қағидалары. Қылмыстық құқық қағидаларының түсінігі және жүйесі.

## **2. Қылмыстық заң**

Қылмыстық заңның түсінігі, оның негізгі және ерекше белгілері. Қылмыстық заң қылмыстық құқықтың қайнар көзі ретінде. Қазақстан Республикасының Конституциясы және қылмыстық заңнамасы. Халықаралық құқықтың нормалары мен жалпыға танылған қағидалары және қолданыстағы заңнамалар. Сот тәжірибесі қылмыстық заңнаманың қайнар көзі ретінде.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жалпы сипаттамасы. Әрекеттегі ҚР ҚК-нің құрылымы және жүйесі: Кодекстің Жалпы және Ерекше бөлімдері. Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінің мазмұны және жүйесі. Жалпы және Ерекше бөлімдердің бірлестігі.

Жалпы және Ерекше бөлімдердің баптарында көзделген қылмыстық-құқықтық нормалардың құрылымы. Гипотеза, диспозиция және санкцияның түсінігі. Қылмыстық-құқықтық диспозицияның және санкцияның түрлері. Қылмыстық-құқықтық норма және ҚК-тің баптары. Қылмыстық-құқықтық нормалардың мазмұны, белгіленуі. Қылмыстық заңның бланкеттік диспозицияларын толтыратын құқықтық нормалардың құқықтық табиғаты.

Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші. Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмысқа қатысты қылмыстық заңның күші. Аумақ ұғымы. Континенталдық шельфте және ерекше экономикалық аумақта жасалған қылмысқа қатысты қылмыстық заңның күші. Су және әуе көлігінде қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты қылмыстық заңның күші. Иммунитет мәселесі.

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты қылмыстық заңның күші. ҚР әскери қызметкерлерінің жауаптылығы.

Қылмыстық заңның мезгілдегі күші. Қылмыстық заңның кері күші: түсінігі және шектері. Қылмыстық заңды түсіндіру. Түсіндіру түрлері. Қылмыс жасаған тұлғаларды беру мәселесі

## **3. Қылмыс ұғымы**

ҚР ҚК-і бойынша қылмыстың түсінігі. Қылмыстың әлеуметтік табиғаты. Қылмыс деп танылатын әрекеттердің тарихи өзгермелі сипаты. Қылмыс белгілері әрекетке баға берудің міндетті бағдарламасы ретінде. Құқыққа қайшылық, қоғамға қауіптілік, кінәлілік, жазаланушылық. Қылмыстың материалды және формалды түсінігі. Қылмыс, қылмыс құрамы. Әкімшілік преюдиция.

Қылмыстың дәрежесі. Жіктеу критерийлері және олардың әлеуметтік анықталуы.

## **4. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері**

Қолданыстағы ҚК-те көзделген қылмыс құрамының барлық белгілерін қосатын тұлғаның әрекетті жасағандығы жайлы түбегейлі ереженің қылмыстық заңда бекітілуі-қылмыстық жауаптылықтың біртұтас және жалғыз негізі ретінде ( ҚК 10-бабы).

Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі және мазмұны. Қылмыстық- құқықтық қатынастардың түсінігі, мазмұны және субъектілері. Қылмыстық жауаптылықтың пайда болуы, оны жүзеге асыру және тоқтату нысандары. Қылмыстық құқық ғылымындағы қылмыстық жауаптылықтың түсінігіне, мазмұнына және оны жүзеге асыруға байланысты пікірталастық сұрақтар.

## **5. Қылмыс құрамы**

Қылмыс құрамының түсінігі. Қылмыс құрамы және қылмыс түсінігі. Қылмыс құрамының қызметтері.

Қылмыс құрамының элементтер. Қылмыс құрамының объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы. Негізгі (міндетті) және факультативті (қосымша) белгілер.

Қылмыс құрамының түрлері. Оларды түрлерге бөлу критерийлері: а) қоғамға қауіптілік дәрежесі бойынша; ә) құрылымы бойынша және б) заңнамалық негізі бойынша.

#### **6. Қылмыстың объектісі**

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша қылмыс объектісінің түсінігі. Қылмыстың қауіптілік дәрежесін және құрамын анықтаудағы объектінің маңызы. Қылмыс объектісі жайлы пікір талас. Құқықтық игілік пен қоғамдық қатынастар қылмыс объектісінің жалпы сипаттамасы ретінде.

Жалпы, топтық және тікелей объектінің түсінігі. Негізгі, қосымша және факультативті объектілер. Жекеленген қылмыс құрамдарында объектілерді сипаттаудың тәсілдері. Объектілерді жіктеудің мәні.

Қылмыс затының түсінігі және оның объектіден айырмашылығы. Қылмыстан жәбір көргеннің түсінігі және оның қылмыстық құқықтық мәні.

#### **7. Қылмыстың объективтік жағы**

Қылмыстық құқықтағы қылмыстың объективтік жағының түсінігі, мазмұны және мәні. Қылмыстық заңнамадағы қылмыстық объективтік жағы. Қылмыс құрамының қажетті және факультативті белгілері. Олардың пәндік мазмұны және қылмыстық құқықтық бағасы. Оларлы сипаттаудың анықтылығы. Қоғамға қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) тұлғаның мінез-құлқының сыртқы көрінісі ретінде. Қылмыстық құқықтық әрекеттің түсінігі және оның белгілері. Әрекетсіздік үшін қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктері. Тойтарылмайтын күштің, физикалық және психикалық мәжбүрлеудің түсінігі және олардың қылмыстық жауаптылық үшін маңызы.

Қоғамға қауіпті зардаптар, олардың қылмыстық құқықтық мәні. Зардаптардың түрлері. Олардың қылмыстық заңда бейнеленуі. Формальды және материалды құрамдар. Қылмыстық құқықтағы себепті байланыс: түсінігі және мәні. Себепті байланыстың объективті сипаты. Ұлттық және шет елдер қылмыстық құқығындағы себепті байланыстың теориялары. Қылмыстың объективтік жағының факультативті белгілері.

#### **8. Қылмыстың субъектісі**

Қылмыстың субъектісінің түсінігі, оның әлеуметтік сипаттамасы. Қылмыс субъектісі және қылмыскер тұлғасы. Субъектінің қылмыстық құқықтық негізгі (міндетті) және факультативті белгілері. Қылмыстық жауаптылықтың жас мөлшері.

Есі дұрыстықтың түсінігі. Есі дұрыс еместік: түнісінігі және критерийлері (медициналық (биологиялық) және психологиялық (заңи)). Аталған критерийлердің ара қатынасы.

Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасы бұзылған адамның қылмыстық жауаптылығы (ҚК 17 бабы). Мас күйінде қылмыс жасаған адамның қылмыстық жауаптылығы

Қылмыстың арнайы субъектісі және оның қылмыстық құқықтық мағынасы. Қылмыстың арнайы субъектілері жауаптылығының дифференциациясының негіздемесі. Арнайы субъектілерді саралау.

#### **9. Қылмыстық субъективтік жағы**

Қылмыстың субъективтік жағының түсінігі: мазмұны және мәні. Қылмыстың субъективтік жағының қажетті (міндетті) және факультативті белгілері.

Кінә қылмыстық заңның қағидасы, қылмыстың белгісі және субъективтік жақтың элементі ретінде. Кінәнің қылмыстық құқықтық құрылымындағы пәндік және бағаланушылық. Кінә нысандары, олардың қылмыстық жауаптылық үшін маңызы. Қасақаналық кінәнің және абайсыздағы кінәнің ара қатынасы. Абайсызда жасалған әрекет ол Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыс деп танылады деген ереженің қолданыстағы Қылмыстық кодексте заңдық бекітілуі (19 бап 4-тармақ).



Ниет кінәнің нысаны ретінде, оның мазмұны (интеллектуалдық және еріктілік элементтері). Тікелей және жанама ниет. Материалды және формальды құрамдардағы ниет. Қылмыстық құқық теориясындағы ниеттің басқа да түрлері. Қылмыстық жауаптылық үшін ниет түрлерін саралаудың маңызы.

Абайсыздық кінәнің бір нысаны ретінде, абайсыздықтың түрлері. Немқұрайлылықтың интеллектуалдық және еріктілік элементтері. Оның жанама ниеттен айырмашылықтары. Немқұрайлылық мен менмендіктің айырмашылығы. «Казус» пен немқұрайлылықтың айырмашылығы. Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыс үшін жауаптылық.

Қылмыстық заңдағы қылмыстың субъективтік жағының сипатталуы.

Ниет пен мақсат қылмыстық субъективтік жағының факультативті белгісі ретінде. Қылмыстың субъективтік жағында эмоцияның рөлі.

Қатенің түсінігі және оның қылмыстық жауаптылық үшін маңызы. Қатенің түрлері.

#### **10. Қылмысты жасау сатылары**

Аяқталған қылмыстың түсінігі. Қылмысты жасау сатылары, сатылардың түрлері. Сатыларды қылмыс құрамының объективті және субъективті белгілері бойынша бөлу. Бағалау мен талқылаудың спецификасы.

Аяқталған қылмыстың түсінігі. Қылмыстың заңи және нақты аяқталуы.

Қылмысқа дайындалу: түсінігі мен мазмұны, объективті және субъективті белгілері. Дайындалу нысандары. Қылмысқа дайындалғандығы үшін қылмыстық жауаптылық негіздері. Қылмысқа оқталу. Қылмысқа оқталудың түсінігі мен мазмұны, оның объективті және субъективті белгілері. Қылмыстық құқық теориясында оқталудың түрлері.

Қылмысқа оқталудың аяқталған қылмыс пен қылмысқа дайындалғандықтан айырмашылығы.

Қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту. Қылмыс істеуден өз еркімен бас тартудың түсінігі мен мәні және оның белгілері. Қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту кезінде қылмыстық жауаптылықты жоюдың негіздері мен жағдайлары. Қылмысқа қатысушылардың қылмыс істеуден өз еріктерімен бас тартуы.

#### **11. Қылмыстың көптігі**

Қылмыстың көптігінің түсінігі мен мазмұны. Көптіліктің құқықтық және әлеуметтік сипаттамасы. Бірнеше мәрте жасалған, жалғаспалы, созылмалы және күрделі құрамдағы қылмыстар. Көптіліктің қоғамға қауіптілігі.

Қылмыстардың көптігінің түрлері және олардың жалпы сипаттамасы. Қылмыстарды бірнеше мәрте жасау. Нақты және идеалды қылмыстар. Қылмыстың қайталануы. Қайталанған қылмыстардың түрлері.

#### **12. Қылмысқа қатысу**

Қылмысқа қатысудың заңи табиғаты, қоғамға қауіптілігі және әлеуметтік мәні. Қылмысқа қатысудың түсінігі, оның объективті және субъективті белгілері. Екі немесе одан да көп адамның қатысуы. Бірлесушілік. Қылмысқа қатысу кезіндегі ниет. Ниеттің түрлері. Қылмысқа қатысушылық жайлы пікірталастық сұрақтар.

Қатысушылардың түрлері, критерийлері және бөлінуінің жалпы сипаттамасы. Ұйымдастырушы, орындаушы, айдапсалушы және көмектесуші. Орындаушылардың түрлері. Орындаушылар мен басқа да қатысушылардың қылмыстық құқықтық мәртебесін жіктеу. Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы және олардың әрекеттерін саралау ерекшеліктері.

Орындаушы өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайдағы қатысушылардың жауаптылығы

Қылмысқа қатысушылықтың түрлері мен нысандары. Қатысушылықтың жекелеген түрлерінің түсінігі мен белгілері. Қылмысты ұйымдасқан топпен, алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен, алдын ала сөз байласпаған адамдар тобымен және қылмыстық ұйыммен қылмысты жасау.

Қатысушылық нысандарының белгілері. Қатысушылардың жауаптылығының шегі және негізі. Қатысушылардың әрекеттерін саралау. Қатысуда жазаның және жауаптылықтың

жекелігі. Тұлғалардың жекелеп қатысуы және қылмыстың ауырлататын және жеңілдететін жағдайларын қатысушылардың шегі. Қылмыстардың жекелеген түрлеріндегі қылмысқа қатысудың спецификасы.

Қылмысқа жанасушылық.

### **13. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар**

Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың түсінігі және түрлері, олардың қылмыстық жауаптылықты және жазаны жоятын мән-жайлар жүйесіндегі орны.

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінде көрсетілген іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар.

Қажетті қорғану. Әрбір азаматтың субъективті құқығы ретіндегі қажетті қорғанудың түсінігі және мазмұны. Қажетті қорғанудың мәні. Қажетті қорғанудың құқықтылығының жағдайлары. Қажетті қорғану шегінен асып кетушілік, оның мәні. Асып кетушіліктің субъективтік жағы. Қажетті қорғану шегінен асып кетушілік үшін жауаптылық негіздері.

Аса қажеттілік: түсінігі және мазмұны. Аса қажеттіліктің құқықтық шарттары. Аса қажеттіліктің қажетті қорғанудан айырмашылығы.

Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру. Зиян келтірудің түсінігі және оның мазмұны. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтірудің құқықтық шарттары.

Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеудің түсінігі және мазмұны. Күштеп мәжбүрлеудің салдарынан жасалған іс әрекеттің қылмыстылығын жоюдың шарттары. Психикалық мәжбүрлеудің салдарынан болатын қылмыстық жауаптылық.

Орынды тәуекел. Орынды тәуекелдің түсінігі және мазмұны. Орныды тәуекел үшін жауаптылық. Жедел-іздістіру шараларын жүргізу.

Бұйрықты немесе өкімді орындау: түсінігі және осы мән-жайлардың мазмұны.

### **14. Жазаның түсінігі және мақсаты**

Қылмыс жазаның түсінігі, оның мәні мен белгілері. Жазаның құқықтық табиғаты және оның әлеуметтік қызметтері. Жазаның мазмұны. Жазаның басқа да мемлекеттік мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы. ҚР ҚК бойынша жазаның мақсаттары және олардың орындалуы. Жекелеген мақсаттардың мағынасы. Жазаның легитимділігі және шегі.

Жазаның түрлері туралы пікірталастар. Өлім жазасы туралы пікірталастар.

### **15. Жазаның түрлері және жүйесі**

ҚР ҚК бойынша жазалардың жүйесі және оның мағынасы. Жазаның басқа да қылмыстық құқықтық сипаты бар шаралардан айырмашылығы. Жазаның түрлері: айыппұл салу; белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; қоғамдық жұмыстарға тарту; түзеу жұмыстары; әскери қызмет бойынша шектеу; бас бостандығын шектеу; абақтыда ұстау; бас бостандығынан айыру; өлім жазасы. Негізгі және қосымша жазалар. Жекелеген жазалардың түрлерін тағайындаудың мазмұны және негіздері. Олардың қылмыстылықпен күресудегі рөлі.

### **16. Жаза тағайындау**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жаза тағайындаудың жалпы бастамасы. Жауапкершілікті ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар. Аяқталған қымыс үшін жазаны тағайындау. Қатысып қылмыс жасағаны үшін жаза тағайындау.

Қылмыстың жиынтығы мен қайталану жағдайында жаза тағайындау.

Қылмыстың жиынтығы бойынша жаза тағайындаудың ережелері. Жазаны тағайындаудың негізгі міндеттері.

Жазаны өтеу және жіктеу тәртібі. Жазаның жекелеген әдістемесі. Жаза тағайындау туралы қылмыстық заңнамалардың даму тенденциялары.

### **17. Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату**

Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату институты. Босатудың түрлері мен негіздері.

Қорқу, шошу және күмәндану салдарынан болған қажетті қорғаныс шегінен шығу кезіндегі қылмыстық жауаптылықтан босатудың шарттары.

Қылмыстық жауаптылықтан босату және тараптардың қолданылуы.

Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Ескіру мерзімінің түрлері.

Ескіру мерзімін есептеудің тәртібі. Ескіру мерзімінің өтуін тоқтата тұру немесе асыру түсінігі.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институты, қылмыскерді ұстау және жаңа қылмыстарды алдын алу. Институтты қолданудың шарты мен негізі. Заңдардағы бұл шарттардың дифференциациясы. Мерзімінен бұрын жазаны өтеуге тыйым салу.

Мерзімінен бұрын босату шартын бұзудың құқықтық салдары.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру. Ауыстырудың реттелуі мен негізі.

Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру. Төтенше мән-жағдайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру. Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату.

Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату.

Соттылықты түсінігі. Соттылықты шешу және өтеу. Сотталған адам соттылықты жою мерзімі.

### **18. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы**

Қылмыстық құқықтағы кәмелетке толмағандықтың түсінігі. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері.

Кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау. Оның өмір сүру жағдайы мен тәрбиесі, санатының даму деңгейі және басқа да тұлғалық белгілер, сонымен қатар жасы үлкен тұлғалардың әсері.

Бірнеше рет сотталған кәмелетке толмағандардың сотталудан босату шарты.

Кәмелетке толмағандарды жазаны өтеуден босату және сотпен белгіленген тәрбиелік мәні бар шараларды қолдану. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік мәні бар мәжбүрлеу шараларының түрлері және олардың құрамы.

Кәмелетке толмағандарды жауаптылықтан және жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату ерекшеліктері.

Кәмелетке толмағандарға қылмыстық жауаптылықтан немесе жазаны өтеуден босатуға қолданылатын мерзімдердің ескеруі. 18 жасқа толмай сотталған адамдардың қылмыстық мерзімді өтеуі.

ҚР-ң Қылмыстық кодексінің ережелерін он сегіз бен жиырма жас аралығындағы адамдарға қолдану.

### **19. Жеке адамға қарсы қылмыстар**

Мемлекеттің басымды есептердің бірі ретінде ҚР-ң Конституциясы мен жеке адамның заңды мүддесін, өмірін және бостандығын қорғау болып табылады.

Жеке адамға қарсы қылмыс жүйесінің белгілері мен олардың жіктелуі. Өмірге қарсы өылмыстар. Кісі өлтірудің түсінігі мен оның түрлері. Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру.

Өмірдің ғылыми-жаратылыстық және қылмыстық-құқықтық түсінігі. Өмірдің басталу және аяқталу сәттері.

Кісі өлтірудің саралау құрамы мен оның белгілері. Кісі өлтірудің жай құрамы. Абайсызда кісі өлтіру. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу.

Денсаулыққа қарсы қылмыстар және оның түрлері. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру және оның түрлері. Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыс, денсаулыққа қарсы қасақана ауыр зиян келтіру негізіндегі абайсызда адам өлтіру. Денсаулыққа қасақана орташа ауырлығы және жеңіл зиян келтіру. Азаптау және ұрып-соғу. Денсаулыққа қасақана ауыр және орташа зиян келтірудің аффект қаліпі.

Қылмыс жасаған адамады ұстау үшін қажетті қорғаныс шаралардың шегінен шығу кезіндегі денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру.

Денсаулыққа абайсызда келтірілген орташа ауырлықтағы және ауыр зиян келтіру.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстар. Бұл категориядағы қылмыстардың түсінігі және олардың мінездемесі.

Жыныстық қатынасатар. Жыныстық қылмыстардың түсінігі мен түрлері. Сексуалдық сипаты бар зарлау және басқа да зорлау әрекеттері. Бұл түрге жататын қылмыстардың сипаттамасы.

Жеке бостандыққа қол сұғу. Адамды ұрлау мен бас бостандығынан заңсыз айыру. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру. Азғыртып көндіру арқылы эксплуатациялау.

Адамның ар-намысы, қадір-қасиеті мен беделіне қарсы жасалынған қылмыстар.

## **20. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар**

Кәмелетке толмағандар мен отбасының мүдделерінің түсінігі мен сипаттамасы. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тарту. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тарту.

Кәмелетке толмағандарды медициналық қолданыстан тыс есірткіні, жүйкеге әсер ететін заттарды, естен тандыратын немесе спирттік ішімдіктерді қолдануға немесе жезөзекшілікке, қанғыбастыққа, қайыршылыққа тарту. Кәмелетке толмағандарды саудаға салу.

Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу және асырау жөніндегі міндеттерін орындамау, сонымен қатар қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану.

Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару, сонымен қатар еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбы) асыраудан әдейі жалтару.

## **21. Адамның және азаматтың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар**

Азаматтың құқығы мен бостандығын қорғаудағы қылмыстық құқықтың ролі.

Азаматтың әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар. Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе ссайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу.

Қоғамдық бірлестіктердің қызметіне кедергі жасау. Журналисттің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтіру.

Еңбек азаматтарына қарсы қылмыстар. Еңбек туралы заңды бұзу. Еңбек қорғау ережелерін бұзу. Митинг жиналыстарына қатысуға мәжбүрлеу немесе бой көтеруге қатысуға кедергі жасау.

Жеке адамның және азаматтың басқа да Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар. Жеке өмірге қол сұғушылықты бұзу.

Хат жазу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабар құпиясын заңсыз бұзу. Дәрігерлік құпияны жария ету. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу.

## **22. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар**

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қол сұғушылықтың сипаттамасы.

Халықаралық достастықтағы бейбітшілікке қарсы қылмыстар. Басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу. Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізуіне және жария түрде шақыру.

Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар. Жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе тарату. Соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану.

Геноцид. Экоцид. Жалдамалық. Халықаралық қорғаудағы аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру.

## **23. Меншікке қарсы қылмыстар**

Меншікке қарсы қол сұғушылықтың түсінігі. Бөтен меншікке қол сұғушылықтың жүйесі мен түрлері. Меншік және оның түрлері.

Бөтен мүлікті ұрлау. Ұрлаудың заты және түсінігі. Ұрлық түрлерін саралауда қолданылатын критерийлер. Ұрлықтың жоғары қауіптілігін сипаттайтын саралау белгілері. Бөтен мүлікті ұрлау және оның түсінігі.

Тонау және оның түсінігі. Тонау мен ұрлаудың айырмашылығы. Тонаудың ұрлаудың субъективтік және объективтік критерияларының шектелуі. Тонау кезінде күш көрсету сипаты.

Шабуыл жасап тонау. Шабуыл жасап тонаудың түсінігі. Шабуыл жасап тонау кезіндегі күш көрсету ерекшелігі немесе шабуыл жасап тонау кезінде оның қолдану қаупі. Шабуыл жасап тонау және қосымша қылмыс құрамы.

Басқа біреудің сеніммен берілген меншігін өзіне алу немесе жұмсап қою. «Сеніммен берілген мүлік» түсінігі. Көрсетілген ұрлау нысанының басқа да қылмыстық қолсұғушылық түрлерінен айырмашылығы.

Алаяқтық. Алаяқтық кезіндегі сенімді қолдану және алдау түсінігі. Алаяқтықтың басқа қылмыс тардан айырмашылығы. Аса бағалы заттарды ұрлау және оның ерекшеліктері. Ұрлаудың кейбір түрлері үшін қылмыстық жазадан босату шарттары.

Ұрлаудың құрамы жоқ, мүлікке қол сұғушылық.

Қорқыту арқылы талап ету. Қорқытып талап етудің шабуыл жасап тонаудан және басқа да ұрлық түрлерінен айырмашылығы.

Алдау жолымен меншікке зақым келтіру немесе сенімділікті пайдалану және алаяқтық.

Қылмыстық жолиен иеленген меншікті өзіне алу және қаратып алу және айдап салумен ұрлыққа қатысу.

Интеллектуалдық жеке меншіктің құқығын бұзу және басқа біреудің меншігін ұрлау.

Ұрлау мақсатынсыз көлікті заңсыз иелену және оның түрлері.

Жерге заттық құқықтың бұзылуы және оның түрлері.

Басқа біреудің мүлкіне зақым келтіру немесе жою.

Басқа біреудің мүлкін қасақаналықпен жою немесе бүлдіру. Басқа біреудің мүлкіне зақым келтіру түсінігі. Аса зақым келтіру түсінігі.

Басқа біреудің мүлкіне абайсыздықтан зақым келтіру немесе жою. Осы қылмыстар үшін қолданылатын жаза шегі. Ауыр қылмыс түсінігі.

#### **24. Экономика саласындағы қылмыстар**

Экономикалық шара және оның Қазақстан Республикасының 50 бәсекелес елдер ішіне кіруге тигізетін көмегі.

Экономика саласындағы қылмыс және оның түсінігі.

Кәсіпкерлік саладағы қылмыс. Заңды кәсіпкерлік іс-әрекетке жол бермеу. Заңсыз кәсіпкерлік. Жалған кәсіпкерлік. Бәсекелестікті шектеу.

Банктік және коммерциялық құпияны тарату және қолдану. Банкрот кезіндегі заңсыз іс-әрекеттер. Өзін жалған банкрот деп жариялау.

Банктік және несие саласындағы қылмыстар. Заңсыз банктік әрекет. Несиені заңсыз түрде алу және мақсатсыз қолдану. Несиелік қарызды төлеуден бас тарту. Банктік операциялар жайлы жалған мәліметтер беру. Банктің қаржысын заңсыз түрде қолдану.

Мемлекеттік қаржыға байланысты қылмыстар. Бағалы (эмиссиялық) қағаздардың шығуының тәртібін сақтамау. Реестрге бағалы қағаздар ұстаушылардың жалған мәлімет беруі. Бағалы қағаздарға байланысты операциялар жайлы жалған мәлімет беру. Бағалы қағаздар және өтірік ақшалар жасау немесе алу. Төлем карточкалары мен басқа да төлейтін және санайтын құжаттарды заңсыз жасау немесе алу.

Акциздік маркаларды жасау және қолдану. Экономикалық контрабанда. Шекарадан заттарды шетел валютасында қайтармауы. Бухгалтерлік есептеу ережелерін бұзу. Азаматтың салық төлеуден бас тартуы. Ұйымнан салық төлнуден бас тарту. Экономика саласындағы басқа да қылмыстар.

Спорт жарыстары мен коммерциялық конкурстық қатысушылары мен ұйымдастырушыларын сатып алу.

Кәсіпкерлерді алдау. Табиғи қолданудағы заңсыз шарттарды тіркеу. Шарт жасауға немесе одан бас тартуға мәжбүрлеу. Компьютерлік ақпаратты заңсыз алу, ЭВМге зақым келтіретін программаларды тарату, қолдану және енгізу.

## **25. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар**

Қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп ұғымдарының анықтамасы.

Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар.

Терроризм. Терроризмді құрайтын әрекеттердің сипаттамасы. Терроризм актісін дайындауға қатысқан тұлғаларды қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары.

Адамды кепілге алу. Адамды кепілге алудың мақсаттары. Адамды кепілге алудың түрлері. Адамды кепілге алған тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары.

Ұйымдасқан қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйым) құру және басшылық ету, қылмыстық қауымдастыққа қатысу. Қылмыстық ұйымның басшыларының және қатардағы қатысушыларының жауаптылығын жекелендіру. Осы құрылымдарға қатысқан тұлғаларды жауаптылықтан босату шарттары.

Бандитизм. Бандитизм нысандары. Бандының түсінігі және белгілері. Бандитизм субъектілерінің жауаптылық шектері.

Үйлерді, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алу. Қылмыс белгілерінің объективтік және субъективтік белгілері. Қылмыстың ауырлататын және аса ауырлататын құрамдары.

Әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сол сияқты қолға түсіру. Айдап әкету және қолға түсірудің түсінігі. Қылмыстың ауырлататын және аса ауырлататын құрамдары.

Жаппай тәртіпсіздіктер. Жаппай тәртіпсіздікті құрайтын әрекеттер.

Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау.

Жаппай зақымдау қаруын, қару-жарақ және әскери техника жасау кезінде пайдаланылатын технологияларды, ғылыми-техникалық ақпаратты және қышметтерді заңсыз экспорттау.

Атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу.

Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде, жарылыс қауіпі бавр объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу.

Радиоактивті атериалдарды талан-таражға салу немесе қорқытып алу, сондай-ақ олармен заңсыз жұмыс істеу және жұмыс істеу ережелерін бұзу.

Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы.

Қару, оқ-дәрі, жарылғын заттар және жару құрылғылары қылмыстың заты болып табылатын қылмыстар.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу.

Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері.

Бұзақылық. Бұзақылықтың түсінігі. Ұсақ және қылмыстық жазаланатын бұзақылық. Жай, қауіпті, аса қауіпті бұзақылық. Бұзақылық жеке адамға және меншікке қарсы ауыр қылмыстарды жасаудың ниеті ретінде. Бұзақылық және жеке адамға қарсы қылмыстар. Бұзақылық және тағылық.

## **26. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар**

Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстар.

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды талан-таражға салу, сонымен қатар осы заттарды заңсыз дайындау, алу, тасымалдау, жөнелту немесе сату. Есірткі заттамен, жүйкеге әсер ететін заттармен, күшті әсер ететін немесе улы заттармен жұмыс істеу ережелерін бұзу.

Құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тиым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру.

Жеке медициналық практикамен немесе жеке фармацевтикалық қызметпен заңсыз айналысу.

Санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу.

Адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін мән-жайлар туралы ақпаратты жасыру.

Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарлар шығару немесе сату, жұмыс орындау не қызмет көрсету.

Дәрілік немесе басқа құралдарды пайдаланып есеңгірету үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау.

Адамгершілікке қарсы қылмыстар.

Жезөкшелікпен айналысуға тарту. Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық. Притон және жеңгетайлықтың түсінігі. Сутенерлік.

Порнографиялық материалдарды немесе қатігездікпен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын туындыларды заңсыз тарату. Өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау.

Жануарларға қатігездік жасау.

**27. Мемлекеттік қызмет және басқаруға қарсы сыбайлас-жемқорлық және басқа да қылмыстар**

Мемлекеттік аппарат жүйесіндегі лауазымды тұлғалармен жасалынатын сыбайлас-жемқорлық және басқа да қылмыстармен күрес жүргізу.

Лауазымды тұлғаның түсінігі және белгілері. Лауазымды тұлғалардың түрлері.

Сыбайлас-жемқорлық қылмыстарының түсінігі және сипаттамасы.

Қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану. Осы қылмыстың ауырлататын құрамы. Билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану.

Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу.

Парақорлық. Пара алу. Пара алудың заты. Пара-сатып алу. Пара-сыйақы. Пара алу және лауазымды тұлғаның әрекеті. Пара беру. Пара берген тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары. Парақорлыққа делдал болу. Пара алу және пара берудің, парақорлыққа делдал болудың ауырлататын мән-жайлары. Парақорлық және коммерциялық сатып алу.

Қызметтік жалғандық жасау. Жалғандық жасаудың түсінігі және оның түрлері. Жалғандық жасаудың заты және субъектісі.

Қызметтегі әрекетсіздік. Қызметтегі әрекетсіздіктің объективтік және субъективтік белгілері. Қызметтегі әрекетсіздіктің түрлері.

Салақтық. Салақтық және қызметтегі әрекетсіздік. Салақтықтың ауырлататын түрлері.

**28. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар**

Сот төрелігіне қарсы қылмыстардың сжалпы сипаттамасы, олардың жүйесі. Сот төрелігіне қарсы қылмыстар туралы нормалардың қолданылу аясы.

Іс бойынша өндіріске қатусушы тұлғалардың өміріне, денсаулығына, намысы мен абыройына қарсы қылмыстар. Сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүргізуші тұлғаның өміріне қол сұғушылық. Сот төрелігін немесе алдын ала тергеу жүргізумен байланысты қорқыту немесе күштеп қорқыту. Сотқа деген құрметтемеушілік. Судьяға, алқабилерге, прокурорға, тергеушіге, анықтауды жүргізуші тұлғаға, сот приставына, сот орындаушысына жалған жала жабу. Бұл аталған қылмыстар құрамдарының жалпы және ерекше белгілері. Қылмыстан жәбір көргендер (жәбірленушілер). Қылмыстың объективтік жағы. «Қол сұғушылық», «күш қолдану», «сотты құрметтемеу» сөздерінің түсінігі. Бұл аталған қылмыстар құрамдарының субъектісі және субъективтік жағы.

Сот төрелігі жүйесі тұлғаларының қызметтік міндеттемелерін орындау аясында қол сұғушылық. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы және түрлері. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар туралы нормалардың қызмет ету шеңбері. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар туралы заңнаманың даму тарихы.

Мемлекеттік аппараттың және жергілікті өзін өзі басқару органдарының дұрыс қызметіне қарсы қылмыстар. Құқық қорғау органы қызметкерінің өміріне қол сұғушылық. Жәбірленушілердің шеңбері. Қол сұғушылықтың объективтік жағы. Қол сұғушылықтың

субъективтік жағы. Қылмыстың мақсаты және ниеті. Басқа қылмыс құрамдарынан айырмашылығы.

Өкімет өкіліне қатысты күш қолдану. Жәбірленушілер шеңбері. Қылмыстың объективтік жағы. Күш қолданудың сипаттамасы. Қылмыстың субъективтік жағының ерекшеліктері.

Өкімет өкілін қорлау. Жауапты мемлекеттік лауазымды иеленуші лауазымды адамға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Мемлекеттік елтаңбасын немесе Мемлекеттік гимнін қорлау

Басқару тәртібі ережелерімен арнайы белгіленген қоғамдық қатынастарға қол сұғатын қылмыстар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын әдейі заңсыз өту. Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының құқықтық өзгеруі.

Құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді ұрлау немесе бүлдіру.

### **29. Сот төрелігіне және жазалардың атқарылу тәртібіне қарсы қылмыстар**

Сот төрелігіне және жазалардың атқарылу тәртібіне қарсы қылмыстардың түсінігі.

Сот, алдын ала анықтау, тергеу және түзеу мекемелерінің қызметкелерімен жасалынатын қылмыстар.

Сот әділдігін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді орындауға заң арқылы тартылған тұлғалардың жасаған қылмыстары (куәлар, жәбірленушілер, сарапшылар, аудармашылар).

Қамауға алынған адамдар немесе сотталғандар арқылы жасалынған сот төрелігіне және жазаның атқарылуына қарсы қылмыстар.

Сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамдардың өміріне, денсаулығына, ар-ұжданына қол сұғу.

Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту.

Сот төрелігіне және жазаны атқару тәртібіне қарсы басқа да қылмыстар.

Айғақтарды және жедел-іздікестіру материалдарын бұрмалау. Жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету. Бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу. Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау.

### **30. Әскери қылмыстар**

Әскери қылмыстармен күрестің маңыздылығы.

Отанды қорғау әрбір Қазақстан Республикасының азаматының қасиетті борышы. Заңдылық және құқықтық тәртіп – ҚР-ның Қарулы күштері қызметінің құрамдас бөлігі.

Әскери қылмыстардың түсінігі, құрамы және жүйесі. Әскери ар-ұждан мен бағыну тәртібіне қарсы қылмыстар.

Бұйрыққа бағынбау немесе оны орындамау. Бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету. Бастыққа қатысты күш қолдану іс-әрекеттері. Бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу. Әскери қызметшіге тіл тигізу.

Әскери қызметті өту тәртібіне қарсы қылмыстар. Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету. Қашқындық. Дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе өзге тәсілмен әскери қызметтен жалтару.

Әскери мүлікті қасақана құрту немесе бүлдіру. Әскери мүлікті абайсызда құрту немесе бүлдіру. Әскери мүлікті жоғалту.

Әскери техникалар мен құралдарды алып жүру тәртібіне қарсы қылмыстар.

Айналадағыларға қауіп туғызатын қару-жарақты, сондай-ақ заттар мен нәрселерді ұстау ережелерін бұзу. Машиналарды жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу. Ұшу немесе оған даярлану ережелерін бұзу. Кемені жүргізу ережелерін бұзу.

Арнайы қызмет тәртібіне қарсы қылмыстар.



Қарауыл қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу. Ішкі қызмет атқарудың және горнизонда патруль болудың жарғылық ережелерін бұзу. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқарудың ережелерін бұзу.

Әскери қызметтік қылмыстар.

Билікті теріс пайдалану, биліктің асыра қолданылуы немесе әрекетсіздігі. Қызметке селқос қарау.

Әскери құпияны жария ету немесе әскери құпиясы бар әскери құжаттарды жоғалту. Ерекше жағдайдағы әскери парызды атқаруға және тәртібіне қарсы қылмыстар.

Батып бара жатқан кемеңі тастап кету. Жауға соғыс жүргізу құралдарын беру немесе тастап кету. Тұтқынға өз еркімен берілу.

Халықаралық конвенциямен көрсетілген соғыс ережелері мен тәртібіне қарсы қылмыстар.

1949 жылғы Женева конвенциясына сәйкес әскери шиеленіс кезіндегі екі жақтың міндеті тек қана өлгендері, жаралыларды табу ғана емес, сонымен қатар олардың құжат, ақша, заттарының тоналмауын қамтамасыз ету, яғни моральдық жағдайына зиян келтірместен қалпына келтіру.

## **5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права. – А., 2004.
2. Ағдарбеков, Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері.- Оқулық. - Алматы, 2008. – 189 б.
3. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2011.
4. Марченко М.Н. Теория государства и права. Учебник. 2-е изд. – М., 2006.
5. Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. – М., 2004.
6. Нерсесянц В.С. Общая теория права и государства. – М., 2000.
7. Хропанюк В.Н. Теория государства и права. 2-е изд. – М., 2005.
8. Басин Ю.Г. Юридические лица по гражданскому кодексу Республики Казахстан: Понятие и общая характеристика Алматы, 1996.
9. Басин Ю.Г. Сделки. - Алматы, 1997.
10. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Общие положения. – М., 1997.
11. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий. В 2-х кн., под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. – Алматы, 1998.
12. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. – Алматы, 2000.
13. Поленов Г.Ф. Уголовное право Республики Казахстан. - А., 1997.
14. Уголовное право Республики Казахстан. Часть общая. / под ред. И.И.Рогов, М.А.Сарсембаев. - Алматы, 1998.
15. Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). – Алматы, 1997.
16. Рогов И.И. Уголовный кодекс Республики Казахстан – общая характеристика (в сравнении с УК Казахской ССР). – Алматы: Баспа, 1997.
17. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник / Под ред. проф. А.Н. Агыбаева, Г.И. Баймурзина. - Алматы, 2003.
18. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / Под ред. И.И. Рогова и С.М. Рахметова. Книга 2. - Астана, 2007.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж. (толықт. мен өзг. қоса)
2. ҚР Қылмыстық кодексі. 16 шілде 1997 ж. (толықт. мен өзг. қоса)
3. ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 27.12.1994 (толықт. мен өзг. қоса)

4. ҚР Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). 01.07.1999 (толықт. мен өзг. қоса)
5. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» ҚР Заңы. 06.04.2016 (толықт. мен өзг. қоса)

## 6. ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ ШКАЛАСЫ

Емтихан билетінің сұрақтарына берілген әр жауап 100 балдық шкала бойынша бағаланады. Түсуге арналған емтиханның қорытынды бағасы барлық жауаптардың бағасы ортақ арифметикалық түрде шығарылады.

Магистранттардың жауабын талқылау және қорытынды бағалауды емтихан бойынша комиссия жабық мәжілісте жүргізеді, қорытынды бағаны «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деп анықтай отырып, баллмен қояды.

Түсуге арналған емтихан пәндері бойынша емтихандық бағалау шарттарын анықтауда келесі критерийлерді басшылыққа алу ұсынылады:

– **«өте жақсы»** бағасын бағдарламалық материалды жан-жақсы, жүйелі және терең білетінін, қойылған сұрақтың ерекшелігіне байланысты тапсырманы еркін орындау қабілетін көрсеткен магистрант иеленеді. Ереже бойынша, «өте жақсы» бағасы пәннің негізгі түсініктері мен олардың тәжірибедегі мәнімен байланысы арақатынасын меңгерген, түсінуде, мазмұндауда және оқу материалын пайдалануда шығармашылық қабілеттерін танытқан магистранттарға қойылады;

– **«жақсы»** бағасы бағдарламалық материалды толық білетінін көрсеткен, бағдарламада қарастырылған тапсырмаларды сәтті орындайтын, бағдарламада ұсынылған негізгі әдебиетті меңгерген магистрантқа қойылады. Ереже бойынша, «жақсы» бағасы пән бойынша жүйелік сипаттағы білімді көрсеткен және оны әрі қарайғы оқу мен кәсіби іс-әрекет барысында өз бетінше толтыру мен жаңартуға қабілетті магистранттарға қойылады;

– **«қанағаттанарлық»** бағасына негізгі бағдарламалық материалды мамандық бойынша әрі қарайғы оқу мен жұмысқа керекті көлемде меңгерген, бағдарлама қамтыған тапсырмаларды орындай алатын, бағдарлама ұсынған негізгі әдебиетпен таныс магистранттар ие болады. Ереже бойынша «қанағаттанарлық» бағасы емтихандағы жауапта және емтихан тапсырмаларын орындауда маңызды емес қателіктер жіберген магистранттарға қойылады;

– **«қанағаттанарлықсыз»** бағасы негізгі бағдарламалық материалды игеруде үлгермеген, бағдарлама қарастырған тапсырмаларды орындауда маңызды қателіктер жіберген магистрантқа қойылады. Ереже бойынша, «қанағаттанарлықсыз» бағасы оқуды жалғастыра алмайтын немесе жоғары оқу орнын бітіріп, сәйкес пән бойынша қосымша оқусыз кәсіби іс-әрекетке кірісе алмайтын магистранттарға қойылады.

### Білімді бағалау шкаласы

Әріп жүйесі бойынша баға	Сандық бағалау	%	Әдеттегі жүйе бойынша
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз
I	-	-	«ПӘН АЯҚТАЛМАҒАН ПӘН»

(Incomplete)			( GPA есептелмейді)
P (Pass)	-	-	«есептелінеді»
NP (No Pass)	-	-	«есептелмейді»
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту»
AW (Academic Withdrawal)			Академиялық себептерге байланысты пәннен алып тастау
AU (Audit)	-	-	«пән тыңдалды»
Атт.		30-60 50-100	Аттесталды
Не атт.		0-29 0-49	Аттесталған жоқ
R (Retake)	-	-	Пәнді қайталап оқу